

№ 4 дәріс

Тақырыбы:

**Жүрек қан тамырлар жүйесін
зерттеу.**


Дәрісте қаралатын сұрақтар:

1. Жүрек қан тамырлар жүйесін зерттеудің маңызы.
2. Жүрек тұсын нұқу және тыңдау.
3. Жүрек саздары олардың пайда болуы мен өзгерулері.

Дәрістің мақсаты:

Жүрек қан тамырлар жүйесін зерттеу ретімен және қолданатын әдістерімен танысу, жүрек дүрсілін зерттеуді, жүрек тұсын перкуссиялауды, оның шекараларын анықтауды үйрену. Жүректі тыңдау әдістерін игеру, жүрек соғу дыбыстарын ажыратта білу. Жүрек шуылдарымен танысып, оларды ажырата алатын әдістерді игеру. Қан тамырларын зерттеу әдістерін меңгеруді үйрену. Жүрек қан тамырлар ауруларының алдын алуды игеру.

Жүректің өткізгіш жүйесі.



- 1- Қарынша
- 2- жүрекше
- 3- Кис- Флак түйіні
- 4- Ашофф Тавар түйіні
- 5- Гис талшығы
- 6- Гис талшығының оң және сол аяқшалары
- 7- Гис талшығының сол аяқшасының буданы
- 8- Пуркинье талшықтары

Жүрек қан тамырлар жүйесін зерттеу төмендегі желіспен жүргізіледі

1. Жүрек дүрсілін қарау және пальпациялау
2. Жүрек тұсын перкуссиялау
3. Жүректі тыңдау
4. Қан тамырларын зерттеу
5. Жүрек қантамырлар жүйесінің қызметін атқару жағдайын тексеру

Жүрек қан тамырлар жүйесін зерттеу кезінде жалпы зерттеу әдістері мен (көру, пальпация, перкуссия, тыңдау, термометрия) қатар арнайы әдістерді де (электрокардиография, фонокардиография, рентгенография) қолданады.


Жүрек пен қан тамырлар жүйесі – мал организміндегі ең басты жүйенің бірі. Оның негізгі қызметі - ағзалар мен ұлпаларды оттегімен, сумен және түрлі нәрлі заттармен қамтамасыз еткізіп, зат алмасуынан қалған керексіз заттарды денеден шығару

Малда жүрекпен қан тамырлар аурулары көбінесе індетті немесе түрлі жұқпалы емес аурулардың асқынуынан болады. Кейде негізгі ауруды жойғаннан кейін малдың шығынға ұшырауына жүрекпен қан тамырларының қайтадан орнына келмейтіндей болып өзгеруі себепкер болады. Бұл аурулар арнайы бағыттандырылған шаруашылықтар мен өнеркәсіптік кешендерде жиі кездесіп тұрады.


Осы бағыттағы өндіріс барысында кездесіп тұратын көп себептер, олар малдың тығыз орналасуы, үздіксіз жұмысқа салу, малды ылғи үрейлендіріп, жүйкелерін қажыту жағдайлары, жүрекпен қан тамырлар жүйесінің қызметтерінің бұзылуына әсер етеді.

Жүрекпен қан тамырлары қызметінің бәсеңдеуі көбінесе жүрек етінің жиырылуы қабілетінің әлсіреуінен болады. Тыныс алу және басқада жүйелер мен ағзалардың аурулары әр түрлі дәрежеде жүрек пен қан тамырлы қызметтерінің бәсеңдеуіне себепші болады.

Жүрек пен қан тамырлары қызметінің бәсеңдеуі мынадай негізгі белгілерімен көзге түседі: жүрек соғуының ырғағы бұзылады, ентігеді, көгереді және ісінеді. Ырғақтың бұзылуына қатынасты белгілер мыналар: жүректің тез соғуы, шоқырақ ырғағы, эмбриокардия (жүрек соғысының, жыбысының күші мен құбылысын біркелкіленуі) қосымша жиырылуы, біркелкі емес аритмия (ырғақсыздық) атриовентрикулярлық (жүрек құлақшалары мен қарыншаларының арасындағы) бөгелістер, жүрек құлақшалары мен қарыншалардағы Гис тармақтары мен жүректің Пуркинье талшықтарындағы бөгеттемелер.



Сурет. 2.1. Жүректі перкуссиялау;
1- анконеустер сызығы бойымен; 2- шынтақ
өсіндісінен сербекке қарай



Сурет. 2.2. Перкуссия кезінде
дыбыстардың анық естілетін орындары:
1- өкпенің айқын; 2- бәсеңдеу; 3- бәсең.

Жүрек соғу дыбыстары

Жүректі тыңдаған кезде бір-бірімен үнсіз үзіліс арқылы бөлініп тұратын, бірінші және екінші деп аталатын жүректің екі түрлі соғу дыбыстар сазы естіледі.



Бірінші систолалық жүрек сазы екінші жүрек сазына қарағанда ұзақтау және дыбысы төмен; ол ұзақ, диастолалық үзілістен кейін пайда болады да соңы баяулап барып басылады. Бұл дыбыстың шығуы жүректің дүрсілімен және аздап артериялық пульспен сәйкес келеді. Жүректің жоғарғы тұсында, (жарма қақпақшаларында) дыбысы көтеріңкі, қаттырақ естіледі.

Екінші, диастолалық жүрек сазы бірінші жүрек сазына қарағанда қысқалау, көтеріңкі, соңында шорт үзіледі. Бұл дыбыс қысқа, систолалық үзілістен кейін пайда болады да жүректің ірге жағында (айшық қақпақшаларда) анық, көтеріңкі естіледі. Бірінші және екінші жүрек саздарының үндерін:

буу-туп, буу-туп деген сөз буындарын айтқандағы шығатын дыбыстармен салыстырады.

Буу-систолалық, **туп**-диастолалық дыбыстары.

Жылқы малының жүрек қақпақшаларының нақты естілітін орындары




Қолданылатын әдебиеттер тізімі:

1. Молдағұлов М.А., т.б. “Жануарлар ауруының клиникалық диагностикасы” 2006 ж
2. Смирнов А.М. И др. “Клиническая диагностика внутренних незаразных болезней животных” 1988 г
3. М.А.Молдағұлов , Ө.К.Есқожаев т.б. “Жануарлар ішкі аурулары” Алматы ,2009
4. Ермаханов Ә.Н, Сиябеков С.Т., Қамбарбеков А.Т, Қазиев Ж.І. “Жалпы аурутану” Алматы 2007
5. Сиябеков С.Т. Дәріс жиынтығы

- Келесі дәрістің тақырыбы:

№ 5 дәріс

Жүрек шуылдары, қан тамырларын зерттеу
және олардың клиникалық маңызы.



Назар қойып
тыңдағандарыңызға

РАХМЕТ!!!